

«Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрлігі  
Медициналық және  
фармацевтикалық бақылау  
комитеті» РММ төрағасының  
2022 ж. «07» желтоқсан  
№ N058746 бұйрығымен  
**БЕКІТІЛГЕН**

## **ДӘРІЛІК ПРЕПАРАТТЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ**

▼ Дәрілік препаратқа қосымша мониторинг жүргізіледі, ол қауіпсіздігі жөніндегі мәліметтерді жылдам анықтауға ықпал етеді. Бұл қауіпсіздігі жөніндегі жаңа ақпаратты қысқа мерзім ішінде анықтауға мүмкіндік береді. Денсаулық сақтау жүйесінің қызметкерлерінен күдік тудырған кез келген жағымсыз реакциялар туралы хабарлап отыруын өтінеміз.

### **1. ДӘРІЛІК ПРЕПАРАТТЫҢ АТАУЫ**

Тремфея, тері астына енгізуге арналған ерітінді 100 мг/1 мл

### **2. САПАЛЫҚ ЖӘНЕ САНДЫҚ ҚҰРАМЫ**

#### **2.1 Жалпы сипаттамасы**

Гуселькумаб

Гуселькумаб рекомбинантты ДНҚ технологиясын қолдану арқылы қытай атжалманының (СНО) аналық безі жасушаларынан алынған толықтай G1 (IgG1 $\lambda$ ) иммуноглобулиннің лямбда-типті, адамдағы моноклональді антиденесі болып табылады.

#### **2.2 Сапалық және сандық құрамы**

Бір автоинжектордың ішінде:

*белсенді зат* - 100 мг гуселькумаб

Қосымша заттардың толық тізімін 6.1. тармақтан қараңыз.

### **3. ДӘРІЛІК ТҮРІ**

Тері астына енгізуге арналған ерітінді

Түссізден сарғыштау түске дейінгі түссіз немесе сәл бозанданатын ерітінді. Ерітіндінің құрамында ақуыздың бірлі-жарым мөлдір бөлшектері болуы мүмкін.

### **4. КЛИНИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕР**

#### **4.1 Қолданылуы**

*Түйіндақты псориаз*

Тремфея препараты жүйелі емдеу көрсетілген ересек пациенттерде орташа және ауыр дәрежелі түйіндақты псориазды емдеу үшін қолданылады.

*Псориаздық артрит (ПсА)*

Тремфея препараты бұрын қанағаттанарлықсыз жауап немесе осының алдындағы ауруды модификациялайтын, ревматизмге қарсы препараттармен (АМРҚП) емдеудің жақпаушылығы байқалған ересектерде белсенді псориаздық артритті емдеу үшін монотерапия ретінде немесе метотрексатпен біріктіріліп қолданылады (5.1 бөлімін қараңыз).

#### **4.2 Дозалау режимі және қолдану тәсілі**

Тремфея препаратын Тремфея препаратымен емдеу ұсынылған ауруларды диагностикалау және емдеуде тәжірибесі бар дәрігердің бақылауымен пайдалану қажет.

**Дозалану режимі**

### ***Түйіндақты псориаз***

Тремфея препаратының ұсынылатын дозасы теріастылық инъекция түрінде 0 және 4 апталарда, содан кейін әр 8 апта сайын 1 рет енгізілетін 100 мг құрайды.

16 апта емнен кейін жауабы қанағаттанарлықсыз болған пациенттерде емдеуді тоқтату мүмкіндігін қарастыру керек.

### ***Псориаздық артрит***

Тремфея препаратының ұсынылатын дозасы теріастылық инъекция түрінде 0 және 4 апталарда, содан кейін әр 8 апта сайын 1 рет енгізілетін 100 мг құрайды. Буындарының зақымдану қаупі жоғары пациенттер үшін, клиникалық бағалаудың негізінде, әр 4 апта сайын 100 мг дозасын қарастыруға болады (5.1 бөлімін қараңыз).

24 апта емнен кейін жауабы қанағаттанарлықсыз болған пациенттерде емдеуді тоқтату мүмкіндігін қарастыру керек.

### **Пациенттердің ерекше топтары**

#### ***Егде жастағы пациенттер ( $\geq 65$ жас)***

Егде жастағы пациенттер үшін дозасын түзету қажет емес (5.2 бөлімін қараңыз).

65 жастан асқан пациенттерде қолданылуы жөніндегі ақпарат шектеулі, және 75 жастан асқан пациенттерде қолданылуы жөніндегі ақпарат өте шектеулі (5.2 бөлімін қараңыз).

#### ***Бүйрек және бауыр жеткіліксіздігі бар пациенттер***

Тремфея препаратының аталған топ пациенттеріне әсері зерттелмеген. Доза бойынша нұсқаулар жоқ. Гуселькумабтың шығарылуы жөніндегі қосымша ақпаратты алу үшін 5.2 бөлімін қараңыз.

#### ***Балалар***

Тремфея препаратының балалар мен 18 жасқа дейінгі жасөспірімдердегі қауіпсіздігі мен тиімділігі зерттелмеген. Сәйкес келетін қолжетімді деректер жоқ.

### **Қолдану тәсілі**

Тремфея препараты теріастылық инъекция түрінде қолдануға арналған. Мүмкін болса, инъекция үшін орын таңдау кезінде псориазбен зақымданған тері учаскелеріне енгізбеу қажет.

Егер дәрігер бұған жол беруге болады деп есептесе, пациенттер немесе қамқоршылары тері астына инъекция әдісін меңгергеннен кейін препаратпен инъекция жасауды өздігінен жүргізе алады. Алайда дәрігер пациенттерге тиісті бақылау жүргізуі керек. Пациенттерге немесе оларға күтім көрсететін адамдарға препаратты қолдану жөніндегі толық ақпарат жазылған, медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықта ұсынылған нұсқауларға сәйкес препараттың бүкіл көлемін енгізуге қатысты нұсқау берілуі тиіс. Дәрілік затты енгізер алдында дайындау жөніндегі нұсқауларды төменнен қараңыз.

### ***Препаратты енгізу бойынша нұсқаулар***

#### ***Автоинжектор қандай болады***

Автоинжектор пластик корпусқа орнатылған, алдын ала толтырылған шприцтен тұрады (төменнен қараңыз).



***Препарат бір рет қолдануға арналған.***

Егер емдеуші дәрігер Сізді немесе күтімге қарайтын адамды Трeмфея инъекциясын өз бетімен үйде салуға қабілетті деп есептесе, автоинжектор көмегімен Трeмфея инъекциясын дайындау мен енгізу жөнінде оқытудан өту керек болады.

Енгізу алдында және жаңа препарат алған әр кезде, өтініш, Трeмфея автоинжекторын қолдану бойынша нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Нұсқаулықта жаңа ақпарат болуы мүмкін. Аталған нұсқаулық денсаулық жағдайы немесе емдеу жөнінде дәрігермен кеңесті алмастырмайды.

Инъекция алдында қолданылуы жөніндегі нұсқаулықты қайталап оқып шығыңыз және сізде туындауы мүмкін кез келген сұрақты емдеуші дәрігер немесе медбикемен талқылаңыз.

***Сақтау шарттары***

Түпнұсқалық қаптамасында, жарықтан қорғалған жерде, 2°C-ден 8 °C-ге дейінгі температурада сақтау керек. Мұздатып қатыруға болмайды. Сілкуге болмайды!


Трeмфея препаратын және басқа барлық дәрілерді балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек.

Егер сізде Трeмфея препараты жөнінде қандай-да бір сұрақтарыңыз болса, өз дәрігеріңізбен кеңесіңіз.

***Инъекция үшін:***

- спиртті сүрткі/тампон
- мақта тампоны немесе дәке сүрткі
- бұласыр
- үшкір бұйымдарға арналған контейнер (3 сатыны қараңыз) қажет.

***1 саты. Инъекцияға дайындық***



### Препарат қаптамасын тексеру


Картон қораптағы препаратты тоңазытқыштан алады, тегіс жерге орналастырады және қолданар алдында кем дегенде 30 минут бойы бөлме температурасында ұстайды.

Препаратты қандай да бір басқа тәсілмен қыздыруға болмайды.

Препараттың картон қорабындағы жарамдылық мерзімін тексеру қажет.

Препаратты жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.

Егер картон қорап бұрын ашылған болса, препаратты қолдануға болмайды.



### Инъекция енгізу орнын таңдау

Инъекция енгізу үшін енгізуге болатын келесі жерлердің бірін таңдау қажет:


- бөксеңіздің жоғарғы бөлігі (ұсынылады)

- іштің төменгі бөлігі

Инъекцияны кіндіктен 5 см жақын ара-қашықтықта енгізуге болмайды.

- иықтың артқы беті (егер инъекцияны өз бетімен енгізбесе)

Инъекцияны терінің ауырсынуы, көгеруі, қызаруы, түлеуі немесе қатаюы бар жерлеріне енгізуге болмайды. Инъекцияны тыртықтар мен терінің созылуы бар аумағына енгізуге болмайды.



### Инъекция енгізу орнын тазарту

Қолды сабынмен және жылы сумен мұқият жуу қажет.

Таңдалған инъекция енгізу орнын спиртті сүрткімен/тампонмен сүртеді және кептіреді.

Тазартқаннан кейін инъекция енгізу орнын ұстауға немесе үрлеуге болмайды.




### Ерітіндіні тексеру

Автоинжекторды картон қораптан шығарып алады.

Бақылау терезесі арқылы ерітіндіні қарайды. Ерітінді мөлдір, түссіз немесе ашық-сары түсті болуы қажет және ақуыздың мөлдір немесе ақ түсті бөлшектерінің аздаған мөлшері болуы мүмкін. Ауа көпіршіктері болуы мүмкін. Бұл қалыпты жағдай.

Егер ерітінді түсі өзгерсе, бұлыңғыр болса немесе көрінетін бөтен бөлшектер болса, инъекцияны енгізуге болмайды.

*2 саты. Автоинжектордағы Тремфея инъекциясын енгізу*




Автоинжекторды корпусынан ұстап бұраңыз және қалпақшасын шешіп алыңыз.

Қалпақшаны шешіп алғаннан кейін иненің сақтандырғышын ұстамаңыз.


Инъекция қалпақша шешіп алынғаннан кейін 5 мин ішінде енгізілуі қажет.

Қорғағыш қалпақшасын алғаннан кейін оны орнына қоюға болмайды - бұл құрылғы ішіндегі инені зақымдауы мүмкін.

Егер қорғағыш қалпақшасынсыз түсіріп алсаңыз, автоинжекторды пайдаланбаңыз.



Автоинжекторды теріге жақындатыңыз (инъекция орнынан 90 градус шамасында).



Тұтқасын тігінен төменге қарай басыңыз.


Препарат басу шамасына қарай енгізіледі. Өзіңізге ыңғайлы жылдамдықпен басыңыз.

Осы сәтте қандай жағдай болмасын, автоинжекторды инъекция аумағынан суырып алмаңыз! Егер сіз автоинжекторды теріден суырып алсаңыз, иненің сақтандырғышы бұғатталады және препараттың барлық дозасы енгізілмей қалуы мүмкін.



### Инъекцияны аяқтау

Тұтқасы толық басылған кезде инъекция аяқталады, сіз сырт еткен дыбысты естисіз және инжектордың жасыл түсті корпусы көрінбейтін болады.



Автоинжекторды препаратты енгізу аумағынан тік жоғары қарай көтеріңіз.

Сары жолақ ине сақтандырғышының бұғатталғанын көрсетеді.

*3 саты. Инъекцияны енгізгеннен кейін*




### Пайдаланылған шприцтерді утилизациялау

Пайдаланылған автоинжекторды лақтырып тастаңыз.

Пайдаланылған автоинжекторды пайдаланғаннан кейін бірден үшкір бұйымдарға арналған контейнерге салыңыз.

Контейнер толғаннан кейін, контейнерді дәрігер немесе медбикенің нұсқауына сәйкес утилизациялағаныңызға көз жеткізіңіз.



#### Инъекция енгізу орнын тексеру

Инъекция енгізу орнында аздаған мөлшерде қан немесе сұйықтық пайда болуы мүмкін. Қан ағу тоқтағанша теріге мақта тампонын немесе дәке сүрткіні басу керек. Инъекция енгізу орнын уқалауға болмайды.

Қажеттілік болса инъекция орнын бұласырмен жапсырады.

#### **4.3 Қолдануға болмайтын жағдайлар**

- белсенді затына немесе 6.1 бөлімінде атап келтірілген қосымша заттарының кез келгеніне аса жоғары сезімталдықтың ауыр реакциялары

- клиникалық маңызды, белсенді инфекциялар (мысалы, белсенді туберкулез; 4.4-бөлімін қараңыз)

#### **4.4. Айрықша нұсқаулар және қолдану кезіндегі сақтық шаралары**

##### *Қадағалануы*

Биологиялық дәрілік препараттардың қадағалануын жақсарту үшін, қолданылатын препараттың саудалық атауы мен серия нөмірі нақты көрсетілуі тиіс.

##### *Инфекциялар*

Тремфея препаратын қолдану инфекция туындау қаупін арттыруы мүмкін.

Қандай да бір клиникалық тұрғыдан маңызды, белсенді инфекциясы бар пациенттерде инфекция толықтай емделгенше немесе инфекцияға талапқа сай емдеу жүргізілмегенше, Тремфея препаратымен емдеуді бастамау керек.

Тремфея препаратымен ем қабылдап жүрген пациенттер қандай да бір созылмалы немесе жедел инфекция белгілері пайда болғанда медициналық көмекке жүгіну керек екенінен хабардар болуы қажет. Пациентте клиникалық тұрғыдан маңызды немесе ауыр инфекция дамыса, немесе инфекцияны стандартты емдеуге жауап болмаса, пациентті мұқият бақылауға алу керек және Тремфея препаратын инфекция емделгенше тоқтата тұру керек.

##### *Емдеу басталғанша туберкулезді анықтау*

Тремфея препаратымен емдеуді бастар алдында пациенттерде туберкулез бар-жоғын тексеру қажет. Тремфея препаратын қабылдап жүрген пациенттерді емдеу кезінде де, емдеуден кейін де белсенді туберкулездің белгілері мен симптомдары туындауын бақылау керек. Анамнезінде жасырын немесе белсенді туберкулез болған, туберкулездің тиісінше емдеу курсы жүргізу бекітілмеген пациенттерде Тремфея препаратымен емдеудің алдында туберкулезге қарсы ем жүргізудің мақсатқа сай келетінін қарастыру керек.

##### *Аса жоғары сезімталдық реакциялары*

Препараттың тіркеуден кейінгі қолданылуы кезінде анафилаксиялық реакцияларды қоса, ауыр аса жоғары сезімталдық реакциялары туралы хабарланған. Кейбір жағдайларда ауыр аса жоғары сезімталдық реакциялар, соның ішінде есекжем мен ентигу гуселькумабты қолданғаннан кейін бірнеше күн өткенде туындаған. Ауыр аса жоғары сезімталдық реакциялары туындаған жағдайда Тремфея препаратын қолдануды дереу тоқтату керек және сәйкесінше емді бастау керек.

##### *Бауыр трансаминазалары белсенділігінің жоғарылауы*

Псориаздық артриттің клиникалық зерттеулерінде бауыр ферменттері белсенділігінің жоғарылауы Тремфея препаратын әр 8 апта сайын немесе плацебо қабылдаған пациенттермен салыстырғанда, Тремфея препаратын әр 4 апта сайын қабылдаған пациенттерде жиірек байқалды (4.8 бөлімін, 2 кестені қараңыз).

Псориаздық артрит кезінде Тремфея препаратын әр 4 апта сайын тағайындағанда бауыр ферменттерінің белсенділігін бастапқы деңгейінде, содан соң, пациентке әдеттегі енгізілуіне сәйкес бағалау ұсынылады. Егер АЛТ немесе АСТ жоғарылағаны байқалса және бауырдың дәріден зақымданғандығына күдік болса, Тремфеяны қабылдауды диагноз анықталғанға дейін уақытша тоқтата тұру керек.

### *Иммунизациялау*

Тремфея препаратымен емді бастар алдында, екпелер күнтізбесіне сәйкес, пациенттің жасы бойынша тиісті барлық екпелердің орындалу қажеттілігін қарастыру керек. Тремфея препаратымен ем қабылдап жүрген пациенттерге тірі вакциналарды қолданудан бас тарту керек. Тірі, белсенділігі жойылған вакциналармен өзара әрекеттесуі жөніндегі деректер жоқ.

Тірі вирусты немесе тірі бактериялық вакцинаны енгізу алдында Тремфея препаратымен емдеуді соңғы дозадан кейін кем дегенде 12 аптаға тоқтату керек және вакцинациядан кейін ең азы 2 аптадан соң қайта жалғастыру керек. Препаратты тағайындайтын дәрігер белгілі бір вакцина бойынша қосымша ақпарат алу үшін дәрілік затты медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықпен және вакцинациядан кейін иммуносупрессивтік препараттарды қатарлас қолдану жөніндегі нұсқаулармен танысып шығуы тиіс.

## **4.5 Басқа дәрілік препараттармен өзара әрекеттесуі және өзара әрекеттесуінің басқа түрлері**

### *СҮР450 изоферменттерінің субстраттарымен өзара әрекеттесуі*

I фазалы зерттеулерде орташа және ауыр дәрежелі түйіндақты псориазы бар пациенттерде гуселькумабты бір рет енгізгенде мидазоламның, S-варфариннің, омепразолдың, декстрометорфанның және кофеиннің жүйелі экспозицияларындағы ( $C_{max}$  және  $AUC_{inf}$ ) өзгерістер клиникалық маңызды болмаған, ол гуселькумаб пен әртүрлі СҮР (СҮР3А4, СҮР2С9, СҮР2С19, СҮР2D6 және СҮР1А2) изоферменттері субстраттарының өзара әрекеттесу ықтималдығы аз екенін көрсетеді. Гуселькумаб пен СҮР450 изоферментінің субстраттарын бір мезгілде енгізгенде дозасын түзету қажет емес.

### *Қатарлас иммуносупрессивтік ем немесе фототерапия*

Тремфея препаратының қауіпсіздігі мен тиімділігі басқа иммуносупрессанттармен, соның ішінде биологиялық препараттар және фототерапиямен қоса, псориаздың зерттеулерінде бағаланбаған.

## **4.6. Фертильділік, жүктілік және лактация**

### *Бала туатын жастағы әйелдер*

Бала туатын жастағы әйелдер Тремфея препаратымен емдеу кезінде және емдеуден кейін кем дегенде 12 апта бойы контрацепцияның тиімді әдістерін пайдалануы тиіс.

### *Жүктілік*

Жүкті әйелдерде гуселькумабты қолдану туралы деректер жоқ. Жануарларға жүргізілген зерттеулер жүктілікке, ұрыққа, эмбрионалды дамуға, босануға немесе постнатальдық дамуға тікелей немесе жанама зиянды әсердің бар екенін көрсетеді (5.3 бөлімін қараңыз). Ескерту шарасы ретінде, Тремфея препаратын жүктілік кезінде қолданудан бас тарту ұсынылады.

### *Емшек емізу*

Гуселькумабтың ана сүтіне өтетін-өтпейтіні белгісіз. Иммуноглобулиндер туғаннан кейін алғашқы бірнеше күндері ішінде адамның емшек сүтіне экскрецияланады және бұдан кейін тез арада төмен концентрацияларға дейін төмендейді; демек, емшек еметін балаға қауіпін жоққа шығаруға болмайды. Емшек емізуді тоқтату немесе емдеуді тоқтата тұру туралы шешім емшек емізудің бала үшін пайдасын және Тремфея препаратымен емдеудің анасы үшін пайдасының артықшылықтарын ескере отырып қабылдануы тиіс. Гуселькумабтың жануарлар (*Synomolgus* маймылдары) сүтінде бөлінуі туралы 5.3 бөлімінен қараңыз.

### *Фертильділік*



Гуселькумабтың адамның фертильділігіне әсері зерттелмеген. Жануарларға жасалған зерттеулер фертильділікке тікелей немесе жанама жағымсыз ықпалын көрсетпеген (5.3 бөлімін қараңыз).

**4.7 Көлік құралдарын және қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсері**  
Препарат көлік құралын басқару немесе қауіптілігі зор механизмдерді пайдалану қабілетіне әсер етпейді немесе болар-болмас әсер етеді.

#### 4.8 Жағымсыз реакциялар

*Қауіпсіздік бейінін шолу*

Анағұрлым жиі кездескен жағымсыз реакция жоғарғы тыныс жолдарының инфекциясы болды, ол псориаз және псориаздық артриттің клиникалық зерттеулерінде пациенттердің шамамен 14%-да байқалды.

*Жағымсыз реакциялардың кесте түріндегі тізбесі*

1 кестеде псориазы және псориаздық артриті бар ересек пациенттердегі клиникалық зерттеу кезіндегі, сонымен қатар, маркетингтен кейінгі кезеңдегі анықталған жағымсыз әсерлер тізімі берілген.

Келесі терминдер және кездесу жиіліктерінің санаттары қолданылады: *өте жиі* ( $\geq 1/10$ ), *жиі* ( $\geq 1/100$  -  $< 1/10$  дейін), *жиі емес* ( $\geq 1/1000$  -  $< 1/100$  дейін), *сирек* ( $\geq 1/10\ 000$  -  $< 1/1000$  дейін), *өте сирек* ( $< 1/10\ 000$ ) және *жиілігі белгісіз* (қолда бар деректер бойынша бағалау мүмкін емес).

#### 1 кесте. Жағымсыз реакциялар тізімі

Ағзалар жүйесінің класы	Жиілігі	Жағымсыз реакция
Инфекциялық және паразиттік аурулар	Өте жиі	Тыныс жолдарының инфекциясы
	Жиі емес	Қарапайым герпес вирусы туғызған инфекциялар
	Жиі емес	Белдемелік теміреткі
	Жиі емес	Гастроэнтерит
Зертханалық деректер	Жиі	Трансаминазалар деңгейінің жоғарылауы
	Жиі емес	Нейтрофилдер деңгейінің төмендеуі
Иммундық жүйе тарапынан бұзылулар	Жиі емес	Аса жоғары сезімталдық реакциялары
	Жиі емес	Анафилаксиялық реакциялары
Жүйке жүйесі тарапынан бұзылулар	Жиі	Бас ауыруы
Асқазан-ішек жолы тарапынан бұзылулар	Жиі	Диарея
Тері және теріасты тіндері тарапынан бұзылулар	Жиі емес	Есекжем
	Жиі емес	Бөртпе
Қаңқа-бұлшықет жүйесі мен дәнекер тіндердің тарапынан бұзылулар	Жиі	Артралгия
Жалпы бұзылыстар және енгізілген орындағы бұзылулар	Жиі	Енгізген жердегі реакциялар

*Жекелеген жағымсыз реакцияларының сипаттамасы*

*Трансаминазалар деңгейінің жоғарылауы*

Псориаздық артриттің III фазадағы екі клиникалық зерттеуінде, плацебо-бақыланатын кезең барысында, трансаминазалар деңгейінің жоғарылауымен (аланинаминотрансфераза (АЛТ) деңгейінің жоғарылауын және аспартаминотрансфераза (АСТ) деңгейінің жоғарылауын, бауыр ферменттері

белсенділігінің жоғарылауын, трансминазалар деңгейінің жоғарылауын, бауырдың функционалдық сынамаларының бұзылуын, гипертрансминаземияны қоса) байланысты жағымсыз құбылыстар плацебо тобындағыға (4.6 %) қарағанда Трёмфея препаратын әр 4 апта сайын қабылдаған пациенттер тобында жағымсыз реакция ретінде жиірек (8.6%) және Трёмфея препаратын әр 8 апта сайын қабылдаған топта 8.3%-ында байқалды. 1 жыл ішінде, трансминазалар деңгейінің жоғарылауымен байланысты жағымсыз құбылыстар (жоғарыдан қараңыз) әр 4 апта сайын ем қабылдаған топтағы 12.9% пациентте, және әр 8 апта сайын ем қабылдаған топтағы 11.7% пациентте тіркелді.

Зертханалық деректерді негізге алсақ, трансминазалар (АЛТ және АСТ) белсенділігінің ең көп жоғарылауы қалыптың жоғарғы шегінен (ҚЖШ)  $\leq 3$  есе артық болды. трансминазалар белсенділігінің қалыптың жоғарғы шегінен  $> 3$ -тен  $\leq 5$  есеге дейін қалыптың жоғарғы шегінен және  $> 5$  есе жоғарылауы Трёмфея препаратын әр 8 апта сайын қабылдаған топпен салыстырғанда, Трёмфея препаратын әр 4 апта сайын қабылдаған пациенттер тобында жиірек кездесе отырып, жиілігі жағынан төмен болды (2 кесте). Ауырлық дәрежесі және емдеу тобы бойынша осыған ұқсас көрініс псориаздық артриттің ІІІ фазадағы 2 жылдық клиникалық зерттеуінің соңында байқалды.

**2 кесте. Трансминазалар белсенділігі жоғарылаған пациенттердің ІІІ фазадағы псориаздық артриттің екі клиникалық зерттеулеріндегі жиілігі, бастапқы деңгеймен салыстырғанда**

	24 апталық ем <sup>а</sup>			1 жылдық ем <sup>б</sup>	
	Плацебо N=370 <sup>с</sup>	Трёмфея әр 8 апта сайын 100 мг N=373 <sup>с</sup>	Трёмфея әр 4 апта сайын 100 мг N=371 <sup>с</sup>	Трёмфея әр 8 апта сайын 100 мг N=373 <sup>с</sup>	Трёмфея әр 4 апта сайын 100 мг N=371 <sup>с</sup>
<b>АЛТ</b>					
ҚЖШ $>1$ -ден $\leq 3$ есеге дейін	30.0%	28.2%	35.0%	33.5%	41.2%
ҚЖШ $>3$ -тен $\leq 5$ есеге дейін	1.4%	1.1%	2.7%	1.6%	4.6%
ҚЖШ $>5$ есе	0.8%	0.8%	1.1%	1.1%	1.1%
<b>АСТ</b>					
ҚЖШ $>1$ -ден $\leq 3$ есеге дейін	20.0%	18.8%	21.6%	22.8%	27.8%
ҚЖШ $>3$ -тен 5 есеге дейін	0.5%	1.6%	1.6%	2.9%	3.8%
ҚЖШ $>5$ есе	1.1%	0.5%	1.6%	0.5%	1.6%

<sup>а</sup> плацебо-бақыланатын кезең

<sup>б</sup> бастапқы деңгейде плацебо тобына рандомизацияланған пациенттер және Трёмфея тобына ауыстырылған пациенттер кірістірілмеді

<sup>с</sup> осы уақыт кезеңі ішінде нақты зертханалық тестінің кемінде бір пост-базалық бағалауынан өткен пациенттер саны

Псориазы бар пациенттердегі клиникалық зерттеулерде трансминазалар (АЛТ және АСТ) белсенділігінің жоғарылау жиілігі Трёмфея препаратымен әр 8 апта сайынғы режимде емдеудің 1-інші жылы ішінде, псориаздық артриті бар пациенттердегі клиникалық зерттеулерде Трёмфея препаратымен әр 8 апта сайынғы режиме емдеу кезіндегі осындаймен салыстырымды болды. Емдеудің 5 жылы ішінде, гуселькумабпен емдеуден 1 жылдан кейінгі осындаймен салыстырғанда, трансминазалар белсенділігі жоғарылауының жиілігі артпады. Көбінесе трансминазалар белсенділігінің жоғарылауы  $\leq 3 \times$  ҚЖШ құрады.

Көпшілік жағдайларда, трансминазалар белсенділігінің жоғарылауы өтпелі сипатта болды және емнің тоқтатылуына алып келмеді.

### *Нейтрофилдер деңгейінің төмендеуі*

Псориаздық артриттің III фазадағы екі клиникалық зерттеуінде, плацебо-бақыланатын кезең барысында, нейтрофилдер деңгейінің төмендеуімен байланысты жағымсыз құбылыстар, плацебо тобындағыға (0%) қарағанда, Трёмфея препаратын қабылдаған пациенттер тобында жиірек (0.9%) білінді. Емдеудің 1-інші жылы ішінде нейтрофилдер санының азаюы түріндегі жағымсыз құбылыс Трёмфея препаратын қабылдаған 0.9 % пациентте байқалды. Көпшілік жағдайларда, қандағы нейтрофилдер деңгейінің төмендеуі орташа, өтпелі, инфекциямен байланыссыз болды және емнің тоқтатылуына алып келмеді.

### *Гастроэнтерит*

Псориаздың III фазадағы екі клиникалық зерттеуінде, плацебо бақыланатын кезеңде, Трёмфея препаратын қабылдаған пациенттер тобында (1.1 %) плацебо тобымен салыстырғанда (0.7 %) гастроэнтерит жиірек анықталған. Зерттеудің 264 аптасында Трёмфея препаратын қабылдаған барлық пациенттердің 5.8 % гастроэнтерит байқалған. Гастроэнтерит түріндегі жағымсыз әсерлер ауыр болмаған және Трёмфея препаратын 264 аптаға дейін қолдануды тоқтатуға әкелмеген.

Псориаздық артриттің клиникалық зерттеулерінде плацебо-бақыланатын кезең барысында байқалған гастроэнтерит жиілігі псориаздың клиникалық зерттеулеріндегі жиілігіне ұқсас болды.

### *Инъекция орнындағы реакциялар*

Псориаздың III фазадағы екі клиникалық зерттеуінде 48 аптада Трёмфея препараты инъекциясының 0.7 % және плацебо инъекциясының 0.3 % енгізу орнында әсерлер туғызған. 264 аптада Трёмфея препаратының 0.4 % енгізу орнында әсер берген. Инъекция орнындағы реакциялар негізінен жеңілден бастап орташа дәрежеге дейін болған, олардың ешқайсысы Трёмфея препаратымен емдеуді тоқтатуға әкелмеген.

Псориаздық артриттің III фазадағы екі клиникалық зерттеуінде, 24-інші аптада инъекция орнындағы 1 немесе одан көп реакция туралы хабарлаған пациенттер саны аз және плацебо тобындағыға қарағанда Трёмфея топтарында біршама көп болды; Трёмфея препаратын әр 8 апта сайын қабылдаған топтағы 5 (1.3%) пациент, Трёмфея препаратын әр 4 апта сайын қабылдаған топтағы 4 (1.1%) пациент және плацебо тобындағы 1 (0.3%) пациент. Бір пациент псориаздық артриттің клиникалық зерттеулерінің плацебо-бақыланатын кезеңі барысында Трёмфея препаратымен емделуді, инъекция орнындағы реакцияға байланысты тоқтатқан. Емдеудің 1 жылы ішінде енгізу орнында кемінде бір реакция туындаған пациенттердің үлесі Трёмфея препаратымен әр 8 апта сайын немесе әр 4 апта сайын емдеу топтарында 1.6 % және 2.4 % құрады. Жалпы алғанда, псориаздық артриттің клиникалық зерттеулерінде плацебо-бақыланатын кезеңде байқалған инъекция орнындағы реакциялармен байланысты инъекциялардың жиілігі, псориаздың клиникалық зерттеулерінде байқалған жиілігіне ұқсас.

### *Иммуногенділігі*

Трёмфеяның иммуногенділігін дәрілік препараттарға сезімтал және төзімді иммундық талдаудың көмегімен бағалаған.

II және III фазадағы зерттеулердің біріктірілген талдауында псориазы және псориаздық артриті бар пациенттерде препаратқа антиденелердің түзілуі Трёмфея препаратымен 52 аптаға дейінгі мерзім бойына ем қабылдаған 5 % (n=145), пациентте байқалды. Препаратқа антиденелердің түзілуі анықталған пациенттер арасынан шамамен 8 %-ында (n=12), антиденелер бейтараптандыратын антиденелер ретінде жіктелді, ол Трёмфея препаратын қабылдаған пациенттердің жалпы санының 0.4 %-ын құрайды. III фазадағы зерттеулердің біріктірілген талдауында псориазы бар пациенттерде препаратқа антиденелердің түзілуі Трёмфея препаратын емдеудің 264 аптасына дейінгі мерзім бойына қабылдаған шамамен 15 % пациентте анықталды. Препаратқа антиденелердің түзілуі анықталған пациенттер арасынан шамамен 5 %-ында,

антиденелер бейтараптандыратын антиденелер ретінде жіктелді, ол Трёмфея препаратын қабылдаған пациенттердің жалпы санының 0.76 %-ын құрайды. Препаратқа антиденелердің болуы препарат тиімділігінің төмендеуін немесе препарат енгізілген орында реакциялардың дамуын тудырмады.

### **Күдікті жағымсыз реакциялар туралы хабарлау**

Дәрілік препараттың «пайдасы – қаупі» арақатынасына үздіксіз мониторинг жүргізілуін қамтамасыз ету мақсатында, дәрілік препаратты тіркеуден кейін күдік тудырған жағымсыз реакциялар туралы хабарлаудың маңызы зор. Медицина қызметкерлеріне ДП күдік тудырған кез келген жағымсыз реакциялары туралы ҚР жағымсыз реакциялар туралы хабарлаудың ұлттық жүйесі арқылы хабарлап отыру ұсынылады.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК

<http://www.ndda.kz>

### **4.9 Артық дозалануы**

Клиникалық зерттеулер барысында Трёмфея препаратын дені сау еріктілерде 987 мг шейін дозада бір рет енгізу (10 мг/кг) және Трёмфея препаратын түйіндақты псориазы бар пациенттерде 300 мг дейін тері астына бір рет енгізу дозаны шектеуді талап ететін уыттылық тудырмаған. Артық дозаланған жағдайда пациент жағымсыз реакциялардың кез келген белгілеріне немесе симптомдарына қатысты қадағалауда болуы тиіс және дереу тиісті симптоматикалық ем тағайындалуы тиіс.

## **5. ФАРМАКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ**

### **5.1. Фармакодинамикалық қасиеттері**

Фармакотерапиялық тобы: Иммуносупрессанттар. Интерлейкин тежегіштері. Гуселькумаб.

АТХ коды L04AC16

Биологиялық препарат.

*Әсер ету механизмі*

Гуселькумаб – бұл спецификалылығы мен аффиндығы жоғары интерлейкин-23 (ИЛ-23) ақуызымен іріктеп байланысатын, моноклональді IgG1 $\lambda$  типті адам антиденесі. ИЛ-23 – Т-жасушаларының субопуляциялары (мысалы, Th17 және Tc17) мен ИЛ-17A, ИЛ-17F және ИЛ-22 қоса, қабыну ауруларының дамуына ықпал ететін эффекторлық цитокиндер көзі болып табылатын иммунды жасушалардың табиғи субопуляцияларының саралану, көбею және тірі қалуына ықпал ететін реттеуші цитокин. Адамдарға жасалған зерттеулерде ИЛ-23 іріктелген блокадасы бұл цитокиндердің шығарылуын реттейтінін көрсеткен.

Терідегі түйіндақты псориазы бар пациенттерде ИЛ-23 концентрациясы көтерілген. *In vitro* зерттеулерінде жасуша бетіндегі ИЛ-23 рецепторымен өзара әрекеттесуін бұғаттау жолымен, кейінгі сигналдық, белсендіретін және цитокиндік каскадтардың бұзылуымен гуселькумабтың ИЛ-23 биологиялық белсенділігін басатыны көрсетілген. Гуселькумабтың түйіндақты псориаз және псориаздық артрит кезіндегі клиникалық әсерлері ИЛ-23 цитокиндік жолының блокадасымен байланысты.

*Фармакодинамикалық әсерлері*

I фазадағы зерттеу барысында 12 аптадағы түйіндақты псориазы бар пациенттің зақымдалған терісінің биопсиясында бөлінген мРНК талдауы кезінде көрсетілген бастапқы деңгеймен салыстырғанда, гуселькумабпен емдеудің ИЛ-23/Th17 жолының гендері экспрессиясының және псориазбен астасқан гендер экспрессиясының бейіндерінің төмендеуіне әкелетіні көрсетілген. Сол I фазадағы гуселькумабты қолдануды зерттеуде псориаздың гистологиялық көрсеткіштерінің жақсаруы, соның

ішінде эпидермис қалыңдығы мен Т-жасушаның тығыздығының азаюы байқалған. Бұдан бөлек, қан сарысуындағы ИЛ-17А, ИЛ-17F және ИЛ-22 деңгейінің төмендеуі плацебо тобымен салыстырғанда, түйіндақты псориаздың ІІ фазадағы және ІІІ фазадағы зерттеулеріндегі гуселькумабпен ем қабылдаған пациенттерде байқалған. Бұл нәтижелер түйіндақты псориазды гуселькумабпен емдеу кезінде алынған клиникалық артықшылығы туралы деректермен сәйкес келеді.

ІІІ фазадағы зерттеулерде псориаздық артриті бар пациенттерде бастапқы деңгейде жедел фазадағы С-реактивті ақуыздың, сарысудағы амилоид А мен ИЛ -6 ақуыздарының, сондай-ақ эффекторлық Th17 ИЛ-17А, ИЛ-17F және ИЛ-22 цитокиндерінің сарысудағы деңгейлері жоғары болды. Гуселькумаб емдеу басталған сәттен бастап 4 апта ішінде аталған ақуыздардың деңгейін төмендетті. Гуселькумаб бұл ақуыздардың бастапқы деңгейімен, сондай-ақ, плацебомен салыстырғандағы деңгейлерін 24 аптаға қарай бұдан да көп төмендетті.

*Клиникалық тиімділігі және қауіпсіздігі*

*Түйіндақты псориаз*

Гуселькумабтың тиімділігі мен қауіпсіздігі фототерапия немесе жүйелік ем жүргізуге кандидат болып табылған, орташадан ауыр дәрежеге дейінгі түйіндақты псориазы бар ересек пациенттердің қатысуымен жүргізілген үш рандомизацияланған, салыстырмалы жасырын, белсенді-бақыланатын ІІІ фазадағы зерттеулерде бағаланған.

*VOYAGE 1 және VOYAGE 2*

Екі зерттеуде (VOYAGE 1 және VOYAGE 2) 1829 ересек пациентте плацебо мен адалимумабпен салыстырғанда, гуселькумабтың тиімділігі мен қауіпсіздігі бағаланған. Гуселькумаб тобына рандомизацияланған пациенттерге (N=825) препаратты тері астына 0 және 4-аптада 100 мг-ден, содан кейін 48 апта (VOYAGE 1) және 20 апта (VOYAGE 2) ішінде әр 8 апта сайын енгізген. Адалимумаб тобына рандомизацияланған пациенттерге (N=582) препаратты тері астына 0-аптада 80 мг-нан және 1-аптада 40 мг-нан, содан кейін 48 апта ішінде әр екі аптада (VOYAGE 1) және 20 апта (VOYAGE 2) ішінде 40 мг-нан енгізген. Рандомизациялау нәтижесінде плацебо қабылдаған топ құрған пациенттерге (n = 422) 16 аптаға шейін плацебо енгізген, бұдан кейін бұл пациенттер зерттеудің 16 және 20 апталарында, содан кейін 8 аптада 1 рет екі зерттеуде де 100 мг дозасында гуселькумабпен ем алуды бастаған.

VOYAGE 1 зерттеуінде барлық пациенттер, соның ішінде адалимумаб тобына 0-аптада рандомизацияланған пациенттер зерттеудің ашық фазасы кезінде 52 аптада әр 8 апта сайын гуселькумаб қабылдауды бастаған. VOYAGE 2 зерттеуінде гуселькумаб тобына 0-аптада рандомизацияланған және 28 аптада PASI 90 еміне жауапқа қол жеткізген барлық пациенттер 8 аптада 1 рет режимінде (тұрақтандырушы ем) гуселькумаб тобына немесе плацебо тобына (емді тоқтату) қайта рандомизацияланған.

Емдеуді тоқтатқан пациенттерге PASI индексіне сәйкес емге 28-аптада аз дегенде 50% жауап болған жағдайда, гуселькумабпен емнің қайта инициациясы жүргізілген (қайта инициация кезінде 4 аптадан кейін және содан кейін әр 8 аптада енгізілген).

Адалимумаб тобына 0-аптада рандомизацияланған, адалимумабпен емге жауап бермеген, яғни, PASI 90 қол жеткізбеген пациенттер 28-аптада, содан кейін — 32-аптада келесі 8 аптада 1 рет режимінде гуселькумабпен емді бастаған. VOYAGE 2 зерттеуінде барлық пациенттер ашық фаза кезінде 76 аптада әр 8 апта сайын гуселькумаб қабылдауды бастаған.

VOYAGE 1 және VOYAGE 2 зерттеулеріндегі популяциялар үшін аурудың негізгі сипаттамалары салыстырмалы болған: орташа BSA (зақымданған жердің аумағы) 22% және 24% құраған, PASI шкаласы бойынша бастапқы орташа балл екі зерттеуде де 19 құраған, DLQI шкаласы бойынша бастапқы орташа балл (тері ауруы кезіндегі өмір сүру сапасының индексі) 14 және 14.5 құраған, IGA шкаласы бойынша аурудың ауырлығының бастапқы көрсеткіші (Пациент жағдайының зерттеуші берген жалпы

бағасы) 25% және 23% құраған, сонымен қатар, 19% және 18% пациенттерде сәйкесінше қатарлас псориаздық артриті болған.

VOYAGE 1 және VOYAGE 2 зерттеуіне кірген барлық пациенттердің 32% және 29% не дәстүрлі жүйелік емді, не биологиялық емді қабылдамаған, 54% және 57% фототерапия қабылдаған, ал, 62% және 64%, сәйкесінше, дәстүрлі жүйелік емді қабылдаған. Екі зерттеуде де 21% бұрын биологиялық ем қабылдаған, соның ішінде, 11% кем дегенде бір рет ИНФ-альфа тежегішін, және шамамен 10% ИЛ-12/ИЛ-23 тежегіштерін қабылдаған.

Гуселькумабтың тиімділігі бүкіл дене терісінің ауруларына, терінің жергілікті (бастың, қолдың, аяқтың және тырнақтардың түкті бөлігінің терісі) зақымдануына, сонымен қатар, өмір сүру сапасы мен пациенттерден сауалнама жолымен алынған пациенттердің емдеу нәтижелері туралы пікірлеріне қатысты бағаланған. VOYAGE 1 және VOYAGE 2 бастапқы ақырғы нүктесі IGA шкаласы бойынша псориазбен зақымдалған аздаған аумағы бар таза және таза дерлік теріге қол жеткізген (IGA 0/1) және плацебо тобымен салыстырғанда 16 аптада PASI 90 жауабы болған пациенттердің үлесі болған (2 кестені қараңыз).

*Бүкіл дене терісінің аурулары*

Гуселькумабпен емдеу 16 аптада плацебо және адалимумаб тобымен салыстырғанда және 24 және 48 аптада адалимумаб тобымен салыстырғанда, аурудың белсенділік көрсеткіштерінің айтарлықтай жақсаруына әкелген. Алғашқы және екінші ақырғы нүктелер үшін шешуші тиімділік нәтижелері төмендегі 3 кестеде берілген.

**3 кесте. VOYAGE 1 және VOYAGE 2 зерттеулеріндегі клиникалық жауаптарға шолу**

	Пациенттердің саны (%)					
	VOYAGE 1			VOYAGE 2		
	Плацебо (N=174)	Гуселькумаб (N=329)	Адалимумаб (N=334)	Плацебо (N=248)	Гуселькумаб (N=496)	Адалимумаб (N=248)
<b>16 апта</b>						
PASI 75	10 (5.7)	300 (91.2) <sup>a</sup>	244 (73.1) <sup>b</sup>	20 (8.1)	428 (86.3) <sup>a</sup>	170 (68.5) <sup>b</sup>
90 (37.1%)	5 (2.9)	241 (73.3) <sup>c</sup>	166 (49.7) <sup>b</sup>	6 (2.4)	347 (70.0) <sup>c</sup>	116 (46.8) <sup>b</sup>
PASI 100	1 (0.6)	123 (37.4) <sup>a</sup>	57 (17.1) <sup>d</sup>	2 (0.8)	169 (34.1) <sup>a</sup>	51 (20.6) <sup>d</sup>
IGA 0/1	12 (6.9)	280 (85.1) <sup>c</sup>	220 (65.9) <sup>b</sup>	21 (8.5)	417 (84.1) <sup>c</sup>	168 (67.7) <sup>b</sup>
IGA 0	2 (1.1)	157 (47.7) <sup>a</sup>	88 (26.3) <sup>d</sup>	2 (0.8)	215 (43.3) <sup>a</sup>	71 (28.6) <sup>d</sup>
<b>24 апта</b>						
PASI 75	-	300 (91.2)	241 (72.2) <sup>e</sup>	-	442 (89.1)	176 (71.0) <sup>e</sup>
90 (37.1%)	-	264 (80.2)	177 (53.0) <sup>b</sup>	-	373 (75.2)	136 (54.8) <sup>b</sup>
PASI 100	-	146 (44.4)	83 (24.9) <sup>e</sup>	-	219 (44.2)	66 (26.6) <sup>e</sup>
IGA 0/1	-	277 (84.2)	206 (61.7) <sup>b</sup>	-	414 (83.5)	161 (64.9) <sup>b</sup>
IGA 0	-	173 (52.6)	98 (29.3) <sup>b</sup>	-	257 (51.8)	78 (31.5) <sup>b</sup>
<b>48 апта</b>						
PASI 75	-	289 (87.8)	209 (62.6) <sup>e</sup>	-	-	-
90 (37.1%)	-	251 (76.3)	160 (47.9) <sup>b</sup>	-	-	-
PASI 100	-	156 (47.4)	78 (23.4) <sup>e</sup>	-	-	-
IGA 0/1	-	265 (80.5)	185 (55.4) <sup>b</sup>	-	-	-
IGA 0	-	166 (50.5)	86 (25.7) <sup>b</sup>	-	-	-

<sup>a</sup> p <0.001 гуселькумаб пен плацебоны салыстыру үшін.

<sup>b</sup> p <0.001 гуселькумаб пен адалимумабты негізгі екінші ақырғы нүкте үшін салыстыру

<sup>c</sup> p <0.001 гуселькумаб пен плацебоны бастапқы ақырғы нүкте үшін салыстыру үшін.

<sup>d</sup> Гуселькумаб пен адалимумаб арасында салыстыру жүргізілмеген.


<sup>e</sup> p <0.001 гуселькумаб пен адалимумабты салыстыру үшін.

*Ұзақ мерзімді келешектегі жауап*

Гуселькумаб плацебомен салыстырғанда 2 аптадан бастап PASI шкаласы бойынша айтарлықтай жоғарырақ көрсеткіштердің пайыздық жақсаруымен емге тез жауап беруге


қатысты тиімділігін көрсеткен ( $p < 0.001$ ). PASI 90 қол жеткізген пациенттердің пайызы 8 аптадан бастап адалимумаб қабылдаған топпен салыстырғанда, гуселькумаб қабылдаған топта саны бойынша жоғары болған, бұл ретте, ең жоғарғы айырмашылық 20 аптада болған (VOYAGE 1 және VOYAGE 2) және 48 аптаға (VOYAGE 1) дейін сақталған (1 суретті қараңыз).

**1 сурет. VOYAGE 1 зерттеуіндегі қабылдауға келген кезден 48 апта өткеннен кейін PASI 90 жауабы байқалған пациенттердің пайызы (0 аптада рандомизацияланған пациенттер)**



VOYAGE 1 зерттеуінде гуселькумабпен үздіксіз ем қабылдаған пациенттер үшін PASI 90 жауабының көрсеткіші 52 аптадан 252 аптаға дейін сақталған. Адалимумаб тобына 0 аптада рандомизацияланған, 52 аптада гуселькумабқа ауысқан пациенттер үшін PASI 90 жауабының жиілігі 52 аптадан 76 апта аралығында артқан және одан кейін 252 аптаға дейін сақталған (2 суретті қараңыз).

**2 сурет. VOYAGE 1 зерттеуінің ашық фазасындағы қабылдау кезінде PASI 90 қол жеткізген пациенттердің пайызы**



Пациенттер саны																										
Гуселькумаб	468	466	459	459	456	453	448	449	447	446	444	439	436	432	420	421	416	416	411	411	406	401	393	398	398	391
Адалимумабтан гуселькумабқа	279	279	278	276	276	275	275	273	272	270	270	269	269	261	264	263	261	257	256	255	253	250	251	252	246	

---○--- Гуселькумаб      —▲— Адалимумабтан гуселькумабқа

Гуселькумабтың тиімділігі мен қауіпсіздігі жасынан, жынысынан, нәсілінен, дене салмағынан, түйіндақтың орналасуынан, аумақ индексінің бастапқы мәні мен PASI псориазының ауырлығынан, қатарлас псориаздық артрит пен алдында қолданылған биологиялық емнің қолданылуынан тәуелсіз көрсетілген. Гуселькумаб бұрын жүйелік ем, биологиялық ем қабылдамаған және бұрын биологиялық ем қабылдаған пациенттерде тиімді болған.

VOYAGE 2 зерттеуінде 48 аптада гуселькумабпен тұрақтандырушы ем қабылдаған пациенттердің 88.6% 28 аптада емді тоқтатқан 36.8% пациенттермен салыстырғанда PASI 90 қол жеткізген ( $p < 0.001$ ). PASI 90 жауабының жоғалуы PASI 90 жауабы жоғалғанға дейінгі орташа уақытпен шамамен 15 аптада гуселькумабты қолдануды тоқтатқаннан кейінгі 4 аптадан кейін-ақ байқалған. Емді тоқтатып және кейіннен гуселькумабты қабылдауды қайта бастаған пациенттер арасында 80% пациент емді қайта бастағаннан кейінгі 20 аптадан кейін бағалау бойынша PASI 90 жауабына қол жеткізген.

VOYAGE 2 зерттеуінде адалимумаб тобына рандомизацияланған, 28 аптада PASI 90 қол жеткізбеген 112 пациент ішіндегі 66% және 76% 20 және 44 аптадан кейін, сәйкесінше, PASI 90 қол жеткізген. Бұдан бөлек, гуселькумаб тобына рандомизацияланған, 28 аптада PASI 90 қол жеткізбеген 95 пациенттің ішіндегі 36% және 41%, сәйкесінше, гуселькумабты қолдануды жалғастырған 20 және 44 аптада PASI 90 қол жеткізген. Адалимумабпен емнен гуселькумабқа ауысқан пациенттерде байқалған қауіпсіздіктің жаңа деректері жоқ.

*Терінің жергілікті зақымдануы*

VOYAGE 1 және VOYAGE 2 зерттеулерінде 16 аптада, плацебонды қабылдаған пациенттермен салыстырғанда, гуселькумабты қабылдаған пациенттерде, бастың, қол мен аяқтың түкті бөліктерінің псориазына қатысты (сәйкесінше, Бас терісі жағдайының



жалпы бағалауына [ss-IGA], Қол және/немесе аяқ терісі жағдайының жалпы бағалауына [hf-PGA] ], Тырнақ жағдайының жалпы бағалауы [f-PGA] мен тырнақ псориазының ауырлық индексіне сәйкес [NAPSI]) айтарлықтай жақсарулар байқалған (p < 0.001, 4 кесте). Гуселькумаб адалимумабпен салыстырғанда 24-аптада ( VOYAGE 1 және VOYAGE 2 зерттеуі) және 48-аптада (VOYAGE 1 зерттеуі) бас, қол және аяқ терісінің псориазы кезінде артықшылығын көрсеткен (p ≤ 0.001, 24-аптада [VOYAGE 2 зерттеуі] және 48-аптада [ VOYAGE 1 зерттеуі] қол мен аяқ псориазын қоспағанда, p < 0.05).

**4 кесте. VOYAGE 1 және VOYAGE 2 зерттеулеріндегі терінің жергілікті зақымдануын емдеуге жауаптардың шолуы**

	VOYAGE 1			VOYAGE 2		
	Плацебо	Гуселькумаб	Адалимумаб	Плацебо	Гуселькумаб	Адалимумаб
<b>ss-IGA (N)<sup>a</sup></b>	145	277	286	202	408	194
ss-IGA 0/1 <sup>b</sup> , n (%)						
16 апта	21 (14.5)	231 (83.4) <sup>c</sup>	201 (70.3) <sup>d</sup>	22 (10.9)	329 (80.6) <sup>c</sup>	130 (67.0) <sup>d</sup>
